
ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

419.99

АРАБ ЖАЗУЛЫ ЕКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТІҢ ОҚЫЛЫМЫ READING OF TWO SITES WRITTEN IN ARABIC

О.Д. БЕКЖАН*

Түйіндеме

Мақалада Отырардан табылған, араб жазулы екі эпиграфиялық жазудың мағынасы туралы айтылады. Ту ұшындағы жазуда Аллаһ, Мұхаммад, Арслан Баб, Ахмад Йасауи есімдері ойылып құйылған. Ал күміс мәрде араб тілінде қысқа мәтін жазылған.

Кілт сөздер: Араб жазуы, мөр, ту ұшы, Аллаһ, Отырар, жазба ескерткіш, йакис.

Summary

The article describes the two epigraphic inscriptions in the Arabic alphabet, found from the region Otyrar. On one of them, atop the flagpole banner inscribed with the names that were in his time as a battle cry, for example, Allah, Muhammad Arslan Baba, Ahmad Iasau. And on the silver print write a short text in Arabic.


Key words: Arabic alphabet, print, the tip of the flag, Allah, Otyrar, written monument, Iakis.

1. Отырардан табылған ту ұшындағы жазудың мәні

Отырарға жасалған археологиялық қазбалар нәтижелері жарияланған еңбекте ту сабының ұшына орнатуға арналған қондырғының суреті жарияланған. Ол туралы еңбекте былай дейді: «Еще одна редкая находка – обломок *навершия древка знамени* в виде конусовидной пластины с фигурными краями, в центре которой прорезное изображение надписи, к сожалению, не поддающейся прочтению (рис. 92)» [1]. Жазбада айтылғандай жазуды бұрын ешкім оқымаған. Жазу конус формалы металл қалбырмен тұтастырыла құйылған. Бұл қалбырдың сапқа кигізілетін төменгі жағы сынып, жоғалған. Шамасы ол жағы да конус тәрізденіп құйылған болса керек. Ту ұшының суретін келтірейік:

*Филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of philological sciences International Hoja Ahmad Yasawi University, senior research fellow, Research Institute of turcology, Turkistan-Kazakhstan. bekor53@mail.ru



Жазу араб әрпімен жазылған, әріп таңбаларының арасындағы ойықтар ۞ М және басқа да әріп таңбаларын жазу үшін пайдаланылған. Біздің оқуымыз бойынша ту ұшындағы жазудың мағынасы ұранға лайықталған Аллаһ тағаладан басталып жазылған есімдер екені анықталды. Жазудың оқылымы:

- Жазу кескіңдері:
- | | | |
|----|-----------------|-----------------------------|
| 1. | - Аллаһу акбару | Қазакшасы: |
| 2. | - Мұхаммад | 1. Аллаһ Ғыят |
| 3. | - расулу | 2. Мұхаммад Аллаһтың елшісі |
| 4. | - Арслан | 3 |
| 5. | - баб | 4. Арстан баб |
| 6. | - Ахмад | 5 |
| 7. | - Йасауи | 6. Ахмет Йасауи |
| | | 7. |

Бұл оқылымды толық келтірейік (жоғарыдағы محمد Мухаммад жазуы қолмен жазылған жазу кескіні, қазір суреттегі бейненің өз көшірмесін береміз): 1) Аллаһу акбару 2) Мухаммад расулу Аллаһ(и) محمد رسول الله 3) Арслан Баб 4) Ахмад Йасауи احمد يسوي.

Бұл төрт есім – Аллах, Мұхаммед, Арыстан баб, Ахмет Йасауи, тудың ұшына ұран ретінде жазылған. *Мухаммад расулу* сөздері *Аллаһ* сөзіне жалғастырыла оқылады. Ту ұшының ортадан төменгі жағы сынғандықтан ¹ алиф таңбасының да төменгі жағы қысқарған. Сондай-ақ ² *Аллаһ* сөзіндегі ⁴ h әрпінің де төменгі жағы мүжілгені байқалады. Сонымен бірге осы сөздегі екінші ³ L әрпі қысқа жасалған, бірақ бірінші ³ L-ның жоғарғы ұшы үш бұрыштала бейнеленген, әрі сүйір ұшы екінші L-ға нұсқала құйылып, ортасы тесілген. Бұл екінші L-ның жалғасын бейнелейтінін аңғартады және нүкте-тесік үстіндегі ⁴ B-ның мағынасын ажырату үшін де қойылған тәрізді.

Ту ұшындағы жазудың маңызы ерекше құнды. Жазудың мағынасына қарағанда ту ұшы Әзірет сұлтан Ахмет Йасауи әулие бабамыздың түркі әлемінің пірі деген даңқы дәуірлеп тұрған уақытта, яғни, XII-XIII ғ. мен әулиенің жаңа кесенесі құрылған Әмір Темір дәуірі аралығында жасалған деп тұжырымдауға болады.

2. Күміс мәрдегі жазудың мағынасы

2011 жылдың 12-15 желтоқсанында Алматы қаласында өткен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының 20 жылдық мерейтойына арналған конференция материалдарында [2] Г.А.Бісқақованың «Мөрлер – ел тарихы мен мәдениетінің деректері» [3] атты еңбегі жарияланған. Онда автор ежелгі заманнан бері қолданылып келе жатқан мөрлер туралы ақпарат келтіреді. Солардың бірі «ауыл болысының мөрі» деп ат қойылған мөр туралы былай дейді: «Арнайы металдан құйып жасалған жүзікті мөр Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің этнография залында орын алған. Музейге түскен ТК-329 нөмірлі күмістен жасалған ауыл болысының мөрі пішіні жағынан тік төртбұрышты болып келген. Негізгі бетіне араб әріпімен жазба теріс түсірілген. Араб әріпімен берілген жазбада «Әмірбекуғлы Ақбекет» деп, болыстың есімі берілген. Артқы беті қолға тағуға ыңғайландырылып жасалған. Көлемінің диаметрі 1,5x1,5 см құрайды. Мөр қызметтік борышын XIX ғасырларда атқарған. Десек те, болыстың есімі анықталғанымен, қай ауыл болысы екендігі және музейге қай уақытта түсіп, кімнің тапсырғандығы жөнінде нақты деректер жоқ» [3, 265], – деп суретін береді.

Г.А.Бісқақова «Әмірбекуғлы Ақбекет» деп кім оқығандығы жайында мәлімет келтірмеген (біз оны «бұрынғы оқушы» деп атаймыз). Ол жүзікті «тік төртбұрышты» деп қате пайымдаған, сонымен бірге мөрдің диаметрлері де тепе-тең емес, көлденеңі тігінен

3 мм-ге ұзын. Шындығында жүзіктің тік қабырғалы төрт жағы және ойыс қабырғалы тағы төрт жағы бар. Сондықтан жүзік 8 бұрышты және 8 жақты деп аталуы керек еді. Бұл тұрғыда жүзіктің формасы жердің төрт тарабы мен төрт қиырын бейнелеген деп айтуға болады. Бұрынғы еңбегімізде бұндай тұжырымды Бұхар жырау және басқа да қазақ ақын-жыраулары: «Сегіз қиыр шартарап, төрт құбыланды түгел қып, төрінде жатып салмақтан», «...Сегіз қиыр шартарап, Жер тұлданып тұрмасқа» [4] деп білдіргені туралы сөз еткен болатынбыз. Яғни, тік бұрышты төрт тарап пен қиыс бұрышты төрт қиыр, бұлардың тік бұрышты және қиыс бұрышты болуы бір-біріне қатысты алғанда ғана болатын жайт.

Ежелгі түркілік ұғымда сегіз бұрышты геометриялық пішін жер жүзі мен көк кеңістігін тұтас қамтитын, соны меңзейтін нышан болғаны аңғарылады. Сөз болып отырған мөрдің формасы да соған сәйкестендірілгендей көрінеді, жазудың мағынасы да сондай кеңдікті, жалпы жаратылыстың тылсым сыры, тіршіліктің мәңгілігі, адам ұрпақтары өмірінің кезең-кезеңмен қайталанып, ұзақ тізбек құратыны тәрізді философиялық ойды білдіруге құрылған. Жазба түркі тілінде емес, араб тілінде жазылған. Яғни, «Әмірбекуғлы Ақбекет» болып дұрыс оқылмаған. Мөрдің теріс және оң беттеріндегі суреттерін келтірейік:




Мөрдің оң беті



Мөрдің теріс беті

Жазу таза араб тілінде жазылғандықтан түркіше оқылуға келмейді. Жазбаның мағыналық жазылымы жоғарғы және төменгі екі бөлікке орналастырылған. «Бұрынғы оқушы» жоғарғы қатарын «Әмірбек уғлы» деп оқыған. Енді осының дұрыс оқылмағандығына мысалдар келтірейік.

1) Бірінші, *Әмир* деп оқылған таңбаларда ә Й таңбасы анық таңбаланбаған және соңғы ۾ Р таңбасы да бөлінбей, сөз соңындағы ۾ М-ны білдіретіндей болып, төмен қарата, тұтас сызылған. Әдетте соңғы М-ның құйрығы еш қайда бұрылмай тік түсіріледі, ал мұнда М-ның құйрығының ұшы солға бұрылып, келесі сөздің басындағы ә Й-дың қос нүктесіне нұсқала тірелген. Бұл М-дан кейін И дыбысы оқылатындығын білдіру үшін әдейі жасалған және бұл сөздің төменгі бөлікке де қатысты екендігін білдіреді. Осы жерде алиф пен мим-нің арасына Й таңбасының оқылуына орайластыра қос нүкте қойылған. Оның астына тағы бір қос нүкте орналастырылған. Дәл осы ә Й-ді «бұрынғы оқушы» Әмир болып оқылуға тиіс сөздегі Й деп қателескен. Бұл жердегі екі қос нүкте Й таңбасының шадда арқылы қабатталып оқылатындығын білдіру үшін әдейі қойылған. Төменгі қос нүкте «бұрынғы оқушы» ойлағандай, астыңғы қатардағы таңбаның Қ болып оқылуы үшін белгіленбеген. Яғни, ол таңбалар ۾ АҚ болып оқылмайтын, АУ, ИН және У болып оқылатын күрделі графема. Ал Й таңбасының өзі соңғы ۾ М таңбасының басынан кейін кішкене сызықша түрінде белгіленген. Бұл сызықша соңғы М таңбасы тағы да ۾ ЙА болып оқылатынын білдіру үшін арнайы қойылған. Бұндай тәсіл, яғни, күрделі графема арқылы жазу көне түркі күлбізік (руна) жазуында тұрақты түрде қолданылатын заңды қағида. Біздің зерттеулеріміз көне түркі күлбізік жазуымен жазылған Ашықтас бітігі [5] XII-XIII ғасырларда жазылған деген тұжырымға келуге ықпал етті. Соған қарағанда бұл жазу кейінгі ғасырларда емес, көне түркі күлбізік жазуы мен араб әліппіінің алмасу кезеңінде жазылған деген қорытынды жасауға итермелейді. Таңба әрі соңғы М, әрі ЙА болып оқылады. Байқап қараған кісіге кішкене сызықшадан бастап Алиф пен мим арасына қарай сызылған жіңішке сызық аңғарылады, әрі ол сызық ۾ Й таңбасына ұқсастырыла бейнеленген.




Жалпы бұл жерде төрт Й кескінделген: біріншісі кіші, одан кейін үлкен, одан ары үлкен, соңында кіші. Бұл кескіндер Й-дің қабатталып оқылуына сәйкес жасалғаны айқын сезіледі. Бұлар төменгі қатардағы Й-лер, оның үстінгі қабатында да осындай Й-лер бейнелері сызылған, олар да кішкене сызықшадан басталып, астыңғы қатардың соңындағы кіші Й-ге жалғасады. Бұл Й-лердің көп болып кескінделуі де мазмұнда айтылатын көп күндерді меңзейді, сөз арабша **ايام** әййә-әм болып оқылады. Йаум(ун) (күн) сөзінің көпше формасы (күндер). Осы сөзден кейін төмен бағытталған жапырақ бейнесі сызылған. Бұл сөйлемнің аяқталғанын білдіру үшін қойылғаны аңғарылады. Бұдан басқа да жапырақша және гүл күлтелеріне ұқсас үш бейне сызылған, олардың екеуі шектелуді білдірсе, біреуі бөлінуді аңғартады.

2) Екінші, **يكت** бек болып оқылған сөздегі қателікке келсек, ол сөздің басқы әрпінің астында екі нүкте бар, ол ә Й болып оқылуы тиіс болатын. Ал одан кейінгі К дыбысының әрпі сөз ортасында қолданылатын таңба, ол бек болып жазылса, К дыбысының таңбасы сөз соңында қолданылатын әріппен жазылар еді. Бұған қосымша К таңбасы өзінен кейінгі, сөз соңынан келетін **ث** С (үстінгі тіске тіл төселіп айтылады) әрпімен қосылып тұр, тек суретте арасы ашылып түсірілген. Сөздің түбірі арабша **كث** КАССА [6], бұл жерде осы шақтағы шартты рай формасымен **يكت** йакис болып оқылады. «Бұрынғы оқушы» бұл таңбаға қатысты, жоғарыда орналасқан үш нүктенің оқылуын есепке алмаған, тек ондағы бір нүктені ғана **غ** F дыбысына сәйкестендіріп оқыған. Сөйтіп ол арабша **او** АУ және **ان** ИН болып оқылатын күрделі таңбаны У деп, ары қарайғы таңбаларды оған қосып УҒЛЫ деп оқыған. Бітікші Н таңбасын білдіру үшін У-дың құйрығынан жоғары қарай әлсіз сызық жүргізіп, оңға қарай бұрған, сөйтіп оны ортадағы екі нүктенің бергісіне тіреген.

3) УАУ-дан кейін келетін **ع** ‘АЙН таңбасы әрі ‘айн, әрі ғайн болып оқылады. Ғайн болып оқылу үшін жоғарғы үш нүктенің сол жақ төменгі нүктесінен төмен қарай нұсқама сызық сызылған. Ол сызық әрі **ما** арабша МА-А сөзін, әрі жеке **ا** алиф-ті білдіру үшін де қойылған. ‘АЙН таңбасының ұшына және ЛӘМ-мен екі араға **ن** Н таңбасының кішкене әріптері қойылған, олар арқылы **اغني** ағна-а, **وا نعلو** уа на‘лу-у сөздері оқылады. Сонымен ‘АЙН таңбасы арқылы **علي** ‘АЛА сөзі оқылса, **ث** С әрпі ұзынша болып сызылған, ол **ا** алиф ретінде ЛӘМ-ге қосылып, **ال** ӘЛ болып та, әрі **الي** илә ретінде де оқылады. **علي** ‘АЛА [6, 536] сөзі **ايام** әййә-әм сөзіне барып жалғасады. Сондай-ақ айн-ның ұшындағы Н-дан жоғарыдағы бір нүктеге қарай сызық сызылған, ол

нүктенің де У болып оқылуын білдіреді. Н-дан оңға, *уау*-ға қарай тағы да көлденең екі нүкте қойылған, бұл ол әріптің ت Т болып *تا' a-ал(ин)* сөзінде оқылатынын да аңғартады.

Енді төменгі жолдың оқылуына келейік. Жолдың басындағы сөздің  АҚ болып оқылмайтыны туралы жоғарыда ескерілді. Егер ол АҚ болып жазылатын болса, (ا) ҚАФ таңбасы *алиф*-пен қатар жазылар еді және нұсқама жапырақшаны салудың қажеті де болмас еді. Сөз арабша екі و У-ды белгілеуге, яғни, АУ және و УА болып оқылу үшін осындай күрделі графемалық тәсіл таңдалған. Күрделі У-дың арасына үш бөлікті жапырақша салынған, оның оң жақтағысы оң жақ У-ды, сол жақтағысы сол жақ У-ды нұсқап тұр. Ал ортадағысы дәл бөлінетін жерді көрсеткен және таңбаның сол тұсы و У-ды бейнелеу үшін жуандатылған. Егер ол таңба Қ болып оқылуға арналса, үстіндегі қос нүкте оған жақын орналастырылар еді. Сонымен бірге жапырақшаның түпкі ұшы *ایام әййә-әм* сөзіндегі төменгі қос нүктенің сол жақтағысына нұсқалып тұр, оның үстіне нүктеге қарай сызылған әлсіз нұсқама сызық та бар, бұл да таңбаның әрі ن Н болып оқылатынын білдіру үшін жасалған.

«Бұрынғы оқушы» бұдан кейінгі сөзді *бекет* деп оқыған. Бұл оқудың ат үсті, қиналыссыз оқылатын түрі, болмаса мұнда да сөздің басында ب Б емес, ۛ Й әріпі тұр. Кейінгі К мен Т таңбалары өз мағынасымен оқылған. К таңбасының жоғарғы қайырылған бөлігі тік сызылып, Й-дың қос нүктесіне жақын тірелген. Бұл да нұсқаудың бір түрі болса керек, яғни, сөз *ایام әййә-әм*-ға жалғасады дегенді білдірмек. Жоғарғы қатардағы К-ның қайқы бөлігі қалыптан тыс ұзын және ұшы әнтек жоғары көтерілген. Бұл да жай емес, мазмұнға сай Аллах тағаланың құдіреттілігін нұсқайтындай. Бұлардан басқа арнайы түсірілген төрт нұсқама сызық бар. Солар туралы түсініктемені келтірейік:

1-нші нұсқама сызық – *و ما اغنیٰ → نوحی*

2-нші нұсқама сызық – *عس الايام → عیغ*

3-нші нұсқама сызық – *واو یکت → او یکت*

4-нші нұсқама сызық – *کیت و کیت → یکت*

Бірінші нұсқама сызық туралы жоғарыда айтылды. Екінші нұсқама жоғарғы қатардағы *علي* ‘АЛА сөзінен төменгі *يَكْت* *йакит* (шартты рай формасы) [6, 676] сөзіне түсірілген. Бұл *يَكْت* *йакит* сөзіне *علي ال ابيام* ‘ала әл-әййәми сөзі жалғасады дегенді білдіреді. Бұл жерде біз әдейі шаддалы бір *Й*-ды ғана жазбай, екі қос нүктені көрсету үшін екі *Й*-ды қатар жазып отырмыз. Үшінші нұсқама сызық *йакит* сөзіндегі *Й*-ден *يا* *ау* сөздеріне қарай тартылған. Бұл *йакит*-тың алдында *يا* *ау*, *ин* оқылады дегенді аңғартады. Төртінші нұсқама *йакит* сөзіндегі *К*-ге төбесіндегі *Й*-дың нүктелерінің оң жағындағысынан төмен түсірілген. Бұл бірінші *К* әрпі, одан кейін *Й* дыбысы оқылады дегенді меңзейді. Осы нұсқаманың меңзеуімен *كَيْتَ وَ كَيْتَ كَآيْتَا وَ كَآيْتَا* [6, 706] тіркестері оқылды. Енді жазбаның араб тіліндегі оқылымын келтірейік:

أَوْ اِنْ يَكْتُ عَلِي الْاَيَّامَ وَ اَوْ اِنْ يَكْتُ عَلِي الْاَيَّامَ مَا اعْتِي الْاَيَّامَ وَ نَعْلُوْ اِلِيْ تَعَالَى. كَيْتَ وَ كَيْتَ.

Транскрипциясы: Ау ин йакис ‘ала әл-әййәми *уа* ау ин йакит ‘ала әл-әййәми ма-а ағна-а илайна-а *уа* на‘лу-у ‘илә-ә та‘а-ал(ин). Кәйтә *уа* кәйтә.

Аудармасы: Яки күндер жиіленіп, қоюланса (жиналса), және болмаса күндер (судың) жай жанған отта қайнап, ақырын ысылдағанындай болса, бізге пайда әкелмейді және жоғарыға көтерілеміз. Осылай да осылай.

Жазудың мағынасы адам өмірінің өткінші екендігін, уақыттың тоқтамайтынын, күн артынан күн өтіп, өлім сағаты да жетіп, адамның жаны о дүниеге, яғни, жоғарыға ұшатынын нақты айтады. Соңында «осылай да осылай» деп, келер ұрпақтардың да осы жолмен ілгерілей беретінін түспалдайды. Мәтін мазмұны діни-философиялық ойға құрылған. Жазу әріптерінің жандары оймышталған, әсіресе, жоғарғы маңдайдағы ортаға тік түсірілген *алиф*-тың екі жанындағы оймыштар айрықша сәнді бейнеленген. Бұл Аллаһ тағаланың құдіреттілігін меңзеу үшін арнайы жасалғандай сезіледі. Мөрдің ортасына *Й*-дың екі нүктесі орналастырылған, осы жерден жазу жоғары мен төменге, екіге тең бөлініп, жоғары жаққа *ау ин йакис*, төменгі жаққа *ау ин йакит* сияқты ұқсас тіркестер де тең прапорциямен жазылған. Жоғарыдағы *алиф* пен төмендегі *К* таңбасы мөрді оң мен солға теңдей бөліп тұр. Бұл тұрғыдан алғанда да мөрдің «сегіз қиыр шартарапқа» бөлінуінің де жайдан-жай еместігі аңғарылады. Жоғарыда айтқанымыздай жазудың бірнеше таңбалары көне түркі күлбізік жазуының негізгі тәсілімен, яғни, күрделі графемамен жазылған. Бұл жазудың сол тәсіл ұмытылмай тұрғанда жазылғанын білдіретін нақты айғақ болып

О.Бекжан. Араб жазулы екі жазба ескерткіштің оқылымы.

табылады. Сондықтан да жазу ең беріден алғанда XIII ғасырда жазылған деп тұжырымдаймыз. Тексеру нәтижесінде жазу мәтіні Құран Кәрімнен алынбағаны анықталды. Алайда оның мазмұны діни тұжырымдарға сәйкес келетіні де дау тудырмайды. Жазуды жазған сол замандардағы аты беймәлім бір ойшыл ғұлама болған деп түйеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. *Позднесредневековый Отрар (XI-XIII вв.)*. Алма-Ата, 1981, С. 169.
2. *Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі*. Т. III. Алматы, 2011.
3. Ысқақова Г.А. *Мөрлер – ел тарихы мен мәдениетінің деректері*. // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі. Т. III. Алматы, 2011, 262-266-бб.
4. Бекжанүбірі О. *Күміс тостағандағы көне жазудың сыры*. «Ана тілі», 21. 11. 1993, № 47.
5. Бекжан О. *Ашықтас бітігінің мағынасы*. Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары. I том. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, Ал. Мем. ПИ бас., 2006, 66-78-бб.
6. Баранов Х.К. *Арабско-русский словарь*. М., «Русский язык», 1984, С. 678.